

Педагогикалық кеңес хаттамасы №1

28 тамыз, 2025 жыл

Педагогикалық кеңестің төрайымы: Г.Алдажар

Хатшы: Г.Рустембекова

Қатысқандар:144

Тақырыбы: «Білім беру ұйымының 2025–2026 оқу жылындағы білім беру саясаты мен басымдықтары»

Өткізу форматы: офлайн

Мақсаты: мемлекеттік білім беру саясатын іске асыруда бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету, 2025–2026 оқу жылына педагогикалық ұжым қызметінің негізгі міндеттерін анықтау.

Ұзақтығы: 90 минут

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Жаңа оқу жылында білім беру ұйымының жұмысының басымдықтары мен негізгі бағыттары туралы
2. Жылдық жұмыс жоспарын бекіту туралы:
 - «Адал азамат – келешекке сенімді қадам». *Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.С.Батырхан*
 - «2025–2026 оқу жылының даму жоспары» туралы. *Директордың бейіндік істер жөніндегі орынбасары К.С.Макашева*
 - «2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері» туралы. *Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.И. Кенжаева*
 - «Цифрлы дәуірдің адал ұстазы: кәсіби маман, ұлттық тәрбиенің басатуында» *Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Б.Серікова*
 - «Білім берудегі ЖИ» жобасы. *ДБЖО К.С.Макашева*
3. Мұғалімдердің оқу жүктемесін және тәлімгерді бекіту, тақырыптық – күнтізбелік жоспардың, сабақ кестесінің бекітілуі туралы. Педагогтерге қосымша ақы төлеу туралы. *Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.И. Кенжаева*
4. 5 – 11 сынып оқушылары үшін қосарланған сабақтарды негізгі және салалық пәндер бойынша өткізу туралы *Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.И. Кенжаева*
5. Оқушылардың оқулықпен және ыстық тамақпен қамтылуы. *Кітапханашы Д.Серікқызы әлеуметтік педагог С.Мұхтарқызы*
6. Педагог қызметкерлерді аттестаттау туралы (аттестаттау комиссиясы шешімдері, кезекті (растау), мерзімінен бұрын аттестаттаудан өтетін педагогтерді ұсыну, 2025-2026 оқу жылындағы аттестация комиссиясы, сараптамалық комиссияны құру туралы. *ДБЖО К.С.Макашева*
7. Педагогикалық кеңес құрамының бекітілуі. Әдістеме бірлестіктерінің жетекшілерін, мектеп көшбасшыларын және әдістемелік кеңес, ҒӘК мүшелерін тағайындау туралы. Мектептің ішкі тәртібі, **Сыбайлас жемқорлықпен күрес**, Педагогикалық Кеңес, ҒӘК және Әдістемелік бірлестік ережелерімен, Мектепішілік бақылау, Мектептің даму бағдарламасын, Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі туралы Ережесін таныстыру, бекіту. *ДБЖО К.С.Макашева*
8. Мектептің ұйымдастырушылық-шаруашылық қызметі туралы және қауіпсіздік техника ережесін сақтау жолдарымен таныстыру. Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары Б.Несіпбекқызы

				12.07.2021 ж. Бұйрық 82А	
17	Мурзабекова Аида Булатовна	961202451546	Бастауыш сынып мұғалімі	Педагог- модератор 02.09.2019ж.	Ұзарту
18	Серік Жұпар Серікқызы	990205451218	Дене шынықтыру мұғалімі	Педагог 02.09.2024 ж.№184 бұйрық	Педагог- модератор

7. Жетінші мәселе бойынша, Педагогикалық кеңес құрамының бекітілуі, әдістеме бірлестіктерінің жетекшілерін, мектеп көшбасшыларын және әдістемелік кеңес, ҒӘК мүшелерін тағайындау туралы. Мектептің ішкі тәртібі, Сыбайлас жемқорлықпен күрес, Педагогикалық Кеңес, ҒӘК және Әдістемелік бірлестік ережелерімен, Мектепшілік бақылау, Мектептің даму бағдарламасын, Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі туралы Ережесін таныстыру, бекіту туралы директордың бейіндік ісі жөніндегі орынбасары *К.С.Макашева айтып шықты*

Бүгінгі педагогикалық кеңестің күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің бірі – педагогикалық кеңес құрамын бекіту, сондай-ақ әдістеме бірлестіктері жетекшілерін, мектеп көшбасшыларын, әдістемелік кеңес және Ғылыми-әдістемелік кеңес (ҒӘК) мүшелерін тағайындау туралы мәселе.

Біріншіден, оқу жылының тиімді ұйымдастырылуы, әдістемелік жұмыстардың жүйелі жүргізілуі, педагогтердің кәсіби дамуы тікелей осы құрылымдардың үйлесімді жұмысына байланысты екенін атап өткім келеді. Осыған орай, мектептің педагогикалық кеңесі құрамына ұсынылған мұғалімдер тізімі назарларыңызға ұсынылады.

Сонымен қатар, мектептің пәндік әдістеме бірлестіктерінің жетекшілері, мектеп көшбасшылары, әдістемелік кеңес және ҒӘК мүшелері бекітуге ұсынылады. Олардың әрқайсысы өз саласында тәжірибелі, кәсіби білікті педагогтер болғандықтан, бұл міндеттерді жауапкершілікпен атқарады деп сенеміз.

Ары қарай мектептің негізгі ережелері таныстырылды.

Алда тұрған оқу жылында мектеп жұмысы бірізді және талапқа сай жүргізілуі үшін сіздерді келесі құжаттармен таныстырып өтемін:

1.Мектептің ішкі тәртіп ережесі мектеп қауымдастығының барлық мүшелеріне ортақ тәртіп нормаларын белгілейді. Мұнда оқушылардың, мұғалімдердің, ата-аналардың құқықтары мен міндеттері айқындалған.

2.Сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша. Білім беру ұйымында сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністерін болдырмау, адалдық қағидаттарын сақтау және «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтылды.

Сыбайлас жемқорлықтың қоғам дамуына тигізетін теріс әсерлері атап өтіліп, педагогикалық ұжымның бұл бағыттағы жауапкершілігі жоғары екені жеткізілді. Мектепте ашықтық пен жариялылықты күшейту, басқару және оқу-тәрбие үдерісінің барлық кезеңдерін айқын жүргізу қажеттігі көрсетілді.

Сонымен қатар, «Адал Ұрпақ», «Саналы Ұрпақ» клубтарының жұмысы, оқушылардың құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталған іс-шаралар, ата-аналармен және сынып жетекшілерімен жүргізілетін түсіндіру жұмыстары туралы мәлімет берілді. Педагогтердің этикалық нормаларды сақтауы мен Әдеп жөніндегі уәкілдің қызметінің маңызы атап өтілді.

Мектеп ұжымының адалдық пен әділдік қағидаттарын ұстануы, оқушылар арасында адалдық мәдениетін қалыптастыруға жүйелі түрде үлес қосу қажеттілігі айтылды.

3.Педагогикалық Кеңес ережесі

Кеңестің мақсаттары, құзыреттері, жұмыс кестесі, шешім қабылдау тәртібі толық көрсетілген.

4.Ғылыми-әдістемелік кеңес (ҒӘК) ережесі

Бұл құжатта әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру, инновацияларды енгізу, мұғалімдердің кәсіби дамуын қолдау тәртібі қарастырылған.

5.Әдістемелік бірлестік ережелері

Пәндік бірлестіктердің мақсат-міндеттері, жоспарлау, талдау, кәсіби қолдау бағыттары көрсетілген.

6.Мектепшілік бақылау ережесі

Бақылаудың түрлері, жүргізу кестесі, мониторинг пен талдау құралдары қамтылған. Бұл құжат оқу-тәрбие сапасын арттыруға бағытталған.

7.Мектептің даму бағдарламасы

Мектептің стратегиялық бағыттары, алдағы жылдарға жоспарланған мақсаттары мен күтілетін нәтижелері ұсынылады.

8.Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі туралы Ереже

Оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру, тәртіп бұзушылықтың алдын алу шаралары, кеңес мүшелерінің міндеттері айқындалған.

Аталған ережелермен танысу және оларды бекіту – жаңа оқу жылында ортақ мақсатпен және бірізді талаппен жұмыс істеу үшін өте маңызды.

8. Сегізінші мәселе бойынша, мектептің ұйымдастырушылық-шаруашылық қызметі және қауіпсіздік техника ережесін сақтау жолдарымен директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары Б.Н. Сейтова таныстырды.

2025–2026 оқу жылында біздің жаңа мектебіміз алғаш рет өз есігін 1 қыркүйекте аяққа ашқалы отыр. Осыған байланысты оқу жылының басталуына дейін мектеп ғимараты мен аумағын толық дайын күйге келтіру бағытында бірқатар ұйымдастыру және шаруашылық жұмыстар жүргізілді. Жаңа мектеп ғимараты заманауи талаптарға сай жабдықталған. Дегенмен, ашылу алдындағы кезеңде кабинеттердің жиһаздарын орналастыру, оқу құралдарын реттеу, санитарлық тазалау, аула аумағын абаттандыру және қауіпсіздік жүйелерін тексеру жұмыстары атқарылды. Барлық инженерлік жүйелер — электр, жылыту, су және канализация желілері — сынақтан өткізіліп, толық жұмысқа дайын күйге келтірілді. Мектеп аумағында көгалдандыру, қоқыс шығару және тәртіп орнату жұмыстары жүргізілді. Өрт қауіпсіздігі мен еңбек қорғау талаптары қатаң сақталып, қажетті құрал-жабдықтар орнатылды. Қазіргі таңда мектеп ғимараты, кабинеттері мен қосымша бөлмелері оқу процесін сапалы өткізуге толықтай жарамды. Шаруашылық қызмет ұжымы алдағы уақытта да мектептің материалдық-техникалық базасын күтіп ұстау мен жетілдіру жұмыстарын жүйелі түрде жалғастырады.

Күн тәртібінде қаралған мәселелерді талқылай келе, төмендегіше шешімдер қабылданды:

1.2025-2026 оқу жылында білім беру ұйымының жұмысының басым бағыттары туралы шешім:

1. «2025-2026 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік-нұсқау хатты басшылыққа алсын;
2. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз етсін;
3. Білім беру ұйымдарында академиялық адалдықты сақтау қағидалары бекітілсін;
4. білім беру процесінде жасанды интеллекті технологияларын қолдануды қамтамасыз ету, ЖИ-ды қолданудың этикалық нормалары мен стандарттарын сақталуын реттейтін мектепшілік құжаттар әзірленіп, бекітілсін.
5. Білім беру процесінде жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдансын;

Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің дамуына кедергі жасайтын, қоғамдық сенімге нұқсан келтіретін ең қауіпті құбылыстардың бірі. Білім беру саласында адалдық қағидаттарын сақтау – болашақ ұрпаққа өнеге көрсету деген сөз. Оқушылар бізден тек білім ғана емес, әділдік пен тазалықты, дұрыс бағытты көруі керек.

Біздің міндетіміз –

- оқу-тәрбие үдерісінде ашықтықты камтамасыз ету,
- бағалауда әділ болу,
- ата-анамен және оқушымен жұмыста шынайы қарым-қатынас орнату,
- әрбір іс-әрекетімізде парасаттылық мәдениетін ұстану.

Мектеп – қоғам айнасы. Егер біз өз ортада сыбайлас жемқорлыққа жол бермей, заңды және этиканы басшылыққа алсақ, оқушылар да сол құндылықтарды бойына сіңіреді. Сондықтан әрқайсысымыз өз жұмысымызда адалдық қағидаларын сақтап, ұжым ішінде де, сыртқы ортада да үлгі болуымыз қажет.

Сонымен қатар, мектепте парасаттылық мәдениетін қалыптастыру мақсатында түрлі іс-шаралар өткізу – тренингтер, сынып сағаттары, дебаттар, акпараттық науқандар — өте маңызды. Бұл тек формальды жұмыс емес, оқушылардың дүниетанымына әсер ететін тәрбие құралы.

Күн тәртібінде қаралған мәселелерді талқылай келе, төмендегіше шешімдер қабылданды:

1-тоқсандағы оқу нәтижелерін талдау қорытындысы бойынша:

1. 2 «А», 5 «А», 5 «Д», 5 «И», 6 «А», 7 «А», 7 «Ә», 7 «К», 7 «Ж», 8 «Г», 8 «Ә» 10 «Е» сыныптарының білім сапасын көтеруде жұмыстар жүргізіліп, мектепшілік бақылауға алынсын. Сынып жетекшілер пән мұғалімдерімен және ата-аналармен тығыз байланыс жасай отырып, оқушылардың мүмкіндіктерін ашуға жұмыстар жасалсын.
2. Дарынды оқушылармен жұмысты жетілдіру мақсатында пән мұғалімдеріне дарынды және қабілетті оқушыларды анықтау, олармен жүйелі жұмыс жүргізу, пәндік олимпиадаларға дайындықты күшейту тапсырылсын.
3. Тәрбие жұмысының мониторингін негізге ала отырып, тәрбие бағытындағы іс-шараларды оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай жетілдіру, ата-аналармен өзара байланысты нығайту ұсынылсын.
4. Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен, ата-аналармен жоспарлы жұмыстар жүргізіліп, іс-шаралар ұйымдастырылсын
5. Ата-аналардың өтініштері мен ПМПК қорытындыларына сәйкес, білім басқармасының ережелері негізінде инклюзивті ортада білім алуға жағдай жасау үшін арнайы сынып ашылсын.
6. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары қолға алынып, қадағалансын.

Жауапты тұлғалар тапсырмаларды мерзімінде орындасын. Тапсырмалардың орындалуын қадағалау өзіме қалдырылсын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:

Хатшы:

Г.Жиениқызы

Г.Рустембекова